

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 5 «Г» сынып оқушыларымен  
2023-2024 оқу жылы бойынша жылдық талдауы

2023-2024 оқу жылдың басында 5 «Г» сыныбында 17 оқушымен оқу жылын бастады. Сыныпта 6- қыз, 11 ұл бала бар. Сынып оқушыларының ішінде көпбалала, азқамтылған, жартылай жетім оқушылар бар. Оқу жылдың басында барлық оқушылардың үйлерін аралау жұмысы жүргізілді. Аралау барысында оқушылар өз баспаналарында ата-аналарымен бірге тұратындығы және сабак оқитын орны бар екендігіне көз жеткізілді.

Сыныпта аз қамтылған отбасылардың ішінде табыс көзі аз отбасылардың балалары ыстық тамақпен 4 оқушы қамтылды. Олар Төлеш М, Ізбаева А, Әбішева А, Берікбаев М.

Сынып оқушылары бос уақыттарын тиімді пайдаланып, спорт және шығармашылық орталықтарымен және музыка мектебіне, т.б үйрмелерге қатысады. Мектеп жанындағы домбыра үйірмесіне Төлеш Мейірлан, ал Ізбаева Айару музыка мектебіне қобыз үйірмесіне қатысып, тамамдады. Жылдың басында балалардың жас ерекшелігін ескере отырып тәрбие жұмысының жоспары жасалып бекітілген болатын. Барлық тоқсанда да осы бекітілген жоспарға сай тәрбие сағаттары өткізілді. «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы аясында 1 қыркүйек-білім күніне байланысты «Мектеп–мейірім мекені» тарбие сағаты, «Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы аясында «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем», «Еңбегі адаптациялық әлеуметтік мәдениеттік көрсеткіштер», «Адамгерлік мәдениеттік көрсеткіштер», «Достық–көмекпен мықты», «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Тарих пен тіл тамырлас», «Женісімді Тәуелсіздікке арнаймын!», «Таным: Тағылым. Тәрбие», «Туған өлке ақындарының шығармалары», «Тарихқа тағзыым», «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы», «Ұлы дала мұрагерлері», «Қоқысты қайта өндөу процесі», «Женіс деген шат күлкісі баланың», «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір отбасы – бір кітап», «Мақал–сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы», Абайдың «Толық адам» ілімі, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үнемі оқитын адам -табысты адам», «Парасаттылық туралы», «Фаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насиҳаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа қарнегерлердің ұйымдастыру, «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Баланың бас ұстазы- ата -анасы», «Әкем, анам және мен», «Әкем айтқан нағыз сөз», «Ата – ана өмірінің жобасы- бақытты адам», «Қызы намысы – ұлт намысы», «Отбасыдағы ортақ тіл», «Халықаралық отбасы күні» намысы,

тақырыптарда тәрбие сағаттары, сыныптан тыс шаралар, акция, жиналыс, чөллендіктер ұйымдастырылды.

8 наурыз мерекесіне орай сынып үлдары қыздарға арнап «Қыздар, қыздар, сұлу қыздар» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, Наурызым!» сынып сағаты ұйымдастырылып, балалар үлттық тағамдар, сусындар, наурыз көже туралы мағлұматтар алыш, дастарханнан дәм татты, әндер шырқап, бата берді. Ұлттық ойындар ойналып, балалар қуаныш қалды.

Жыл бойы мектепшілік, аудандық деңгейде ұйымдастырылған әртүрлі спорттық, білім, өнер сайыстарына қатысып, жүлдегер атанған окушылар атап айтқанда Нұрадин Диас футболдан аудандық деңгейінде қатысып, жүлделі 1-ші орын алды.Мектеп ішілік "Кітаптайм" кітап оқу байқауына қатысып мадақтама қағазымен марапатталғандар: Балагерей А, Төлеш М, Кадырхан А.

Жыл қорытындысы бойынша сыныпта 17 окушымен аяқтадық.11 ұл және 6 қыз болды.3 оқу озаты: Балагерей А., Кадырхан А., Төлеш М., 8 екпінді: Амангелді М.,Әбішева А., Фаниатов А.,Мұрат Н., Нұраджин Д.,Оразғалиев F., Серкебай Д.,Ізбаева А. атанды.

2023-2024 оку жылында атқарылған жұмыстардың қорытындылай келе осындай нәтежемен аяқталды.Алдағы уақытта да сынып окушыларымен,атаана мен мектеп арасындағы ынтымақты одан әрі дамытуға ықпал етеді деп сенім білдіремін.

Сынып жетекшісі: 

Ауданбаева В.А.